

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 тамыздағы N 1160 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 567 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1519 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1519 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілер көрсететін қызметтердің жекелеген түрлеріне бағаларды мемлекеттік реттеу жөніндегі жекелеген мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 тамыздағы N 1160 Р991160_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 41, 358-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай өңдеу саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер көрсететін қызметтердің жекелеген түрлеріне бағаларды мемлекеттік реттеу жөніндегі жекелеген мәселелер";

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мұнай өңдеу саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекеттік реттеу шаралары қолданылады деп белгіленсін."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі